

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың ХІ Халық. ғыл. конф. = ХІ Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

«ХАЛЫҚ СӨЗІ» - ТӘУЕЛСІЗ БАСЫЛЫМ

Әуесбай Қуат

avesbay.kuat@mail.ru

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана
Қазақстан

Ғылыми жетекші – Н.Омашев

Журналистер туралы қанатты сөздер арасында Мемлекеттік БАҚ-тағы сын – шын, ал, тәуелсіз БАҚ-тағы сын – мін деген сөз тараған. Сын сындарлы болу керек деп айтылса, демек, оны қаламағаны екендігі де анық. Негізінен, тәуелсіз БАҚ билікке азаматтық бақылау жүргізе алады. Олардың міндеті де осы: журналистік зерттеу жүргізу, фактілерді шынайы көрсету, өзінің бағасын беруден аулақ болу арқылы халыққа өзіндік бағасын беруге мүмкіндік қалдырады. Тәуелсіз журналистиканы кейде басқаша азаматтық журналистика деп те атап жүр. Бұл жерде нақтылап алатын да мәселелер бар. Негізінен, азаматтық журналистика – азаматтық қоғам туралы түсінік, тәуелсіз ойлау қабілеті, азаматтық танымның қатысуы. Қазіргі таңда дәл осы азаматтық журналистиканы ғаламтордың пайда болуымен байланыстырады. дегенмен, ол виртуалды немесе қағаз үлгі ретінде, кәсіби немесе кәсіби емес деп те бөлінбейді деуге толық негіз бар.

Азаматтық журналистиканы екіге бөліп қарастырады. Бірі – ғаламторға дейін де қалыптасқан кәсіби журналистика. Ол оқырмандардың азаматтық белсенділігіне бағытталады. Civic journalism ұғымы осыған саяды. Ал екінші мағынадағы citizen journalism кәсіби емес журналистерді, әлеуметтік желілер мен блогтарды қамтиды. Яғни, ол тура мағынасында қарапайым азаматтардың журналистикамен айналысатындығын білдіреді. Бір қарастырып отырған азаматтық журналистика Францияда 1960 жылдары пайда болған. Ол газет қиындыларын пайдалану арқылы қолдан жасалған. 80-жылдары ол мейнстрим статусын алса, кейінірек интернет арқылы да кең тарай бастаған. Алғашында зина деп аталған ондай журналдар заңсыз деп саналған.

Тәуелсіз журналистиканың алғашқы үлгілері ретінде осы мысалдарға тоқталуға болады. С. Боуман мен С. Уиллис атты ғалымдардың айтуынша, бұл басылымдарға ақпарат жинауға, оны таратуға, анализ жасауға оқырман белсенділігі жоғары болады екен[1].

Негізінен, нарықтық заманда журналистика өзінің демократиялық принциптерінен ажырап, белгілі бір билік пен экономикалық топтардың қоғамды басқару құралына, қоғамдық пікір қалыптастыру жолына айналды деген де пікір жоқ емес. Осы ретте біреудің қолшоқпары да бола алатын БАҚ деп баға бермес бұрын, оның тәуелсіз бола алатындығын да ескеру керек.

Ғылым тұрғысынан қарстыратын болсақ, тәуелсіз журналистиканың әлі де тек Қазақстанда ғана емес, әлем бойынша да зерттеу нысаны ретінде мықтап қолға алынбағандығын байқаймыз. Қазақстандағы тәуелсіз журналистика туралы Ш.И.Нұрғожинаның «Тәуелсіз қазақ журналистикасының қалыптасу проблемалары» атты мақаласынан аздаған ақпарат кездестіре аламыз. Онда былай делінген: «Қазақстанның тәуелсіз баспасөзі мемлекеттің ресми түрде қрылуынан ертерек 1988-1991 жылдары қалыптасты. Мемлекетіміздегі журналистика тарихындағы алғашқы тәуелсіз басылымдар «Избиратель», «Аманат», «Бірлесу», «Азат» болды. «Избиратель» - «аманат» - ядролық сынаққа қарсы, «Невада Семей» қозғалысының ресми органы болды. Бұл газет 3 жыл шығып, тәуелсіз басылымдардың дамуына айтарлықтай үлес қосты. 1991 жылы Семейдегі ядролық сынақты жаб туралы құжатқа қол қойылғанда бұл газеттің шығуы тоқтады. Мемлекет тарапынан қудаланып, қысым көрген, небары 30-52 таралыммен және төмен сапамен шығып тұрған «Алматинский вестник», «Мнение», «Көкейкесті,

«Түркістан», «Желтоқсан» газеттері мен «Альтернатива,» «Ракурс» журналдары баспасөздегі демократияның алғашқы қарлығаштары ретінде тарихта қалды[2]».

Осы қарлығаштардың ізін жалғап, тәуелсіз Қазақстандағы тәуелсіз басылымдардың 21 ғасырдағы үлгісі болған – «Халық сөзі» газеті. Ол 2010 жылы республикалық қоғамдық-саяси газет ретінде жарық көрді. Алғашқы бас редакторы – Қуат Әуесбай. Республика көлеміне тарайтын басылым. Ол туралы abai.kz «Қазақ қазақ болғалы бері халық сөзін сөйлеп, ел жүрегінен орын табуды мақсат тұтқан қазақ баспасөзі тағы бір жаңа басылыммен толықты» деп жазды. Ең алғаш жарық көрген кезде басылым бұқаралық халықтың көкейкесті ой-арманын ашық айта алатын өткір сөзге, өрелі пікірге жол ашатын басылым ретінде халықтық мәселелерді мәмілегерлікпен талқылайтын мінберге айналуды көздеді. Халық пен билік арасын барынша жақындатып, елдегі барша игіліктің иесі мен киесі де халық екенін көрсетуге, еркін тілдесуге мүмкіндік туғызды. Халықтың өзіне тән басылымы ретінде әлеуметтің мұң-мұқтажына құлақ салуды басты бағдары етті. Сол ұстанған бағдарынан айнымай басылым ұлттың экономикалық, мәдени, әлеуметтік, рухани проблемалары мен өзге де өзекті тақырыптар төңірегінде ашық пікір алмасу алаңын қалыптастырды.

Халық сөзі газеті тұсаукесер санында «Тап қазір халықты не алаңдады, ұлттың, тілдің, мәдениеттің хал-ахуалы ма, әлде, тұрмыс-тіршіліктің қамы ма?» деген сауалнама жүргізді. Оған жүздеген адам қатысып, ой білдірді. Арасында елге белгілі азаматтар да бар. Алғашқы санында сонымен қатар «Абай жолынан адаспайық», «Өнер – төңкеріс кезінде де өнер» мақалаларын, Қырғызстанның халық әртісі Мұратбек Бегалиевпен болған Қырғыздар ататүрікті іздеуде» атты сұхбатын жариялады[3].

Үш жылдық еңбектің нәтижесі ретінде 2013 жылы Алматы қаласындағы «Нұрлы әлем» баспасынан Халық сөзі (сараптамалық мақалалар, сұхбаттар) атты кітап жарық көрді. Бұл жинақтың алғысөзінде кітапты құрастырушы Қуат Әуесбай былай деді: «Халық сөзі газетіне – 3 жыл. Үш жылда 300-ге жуық саны жарық көріп үлгеріпті... Газеттің алғашқы санындасөзіміздің біссіміләсі былай болған еді: «Қазір ақпарт айдынында әлі де болса жалпыға ортақ мәселелерді мәмілегерлікпен талқылайтын мінбердің орны бос тұр. Осы бос кеңістіктің орнын басу үшін объективті пікір білдіретін басылым ашудың қажеттілігі әлдеқашан пісіп жетілген. Оны барынша халыққа жақындату үшін «Халық сөзі» деп атадық» дей келе, жинаққа ең өзекті әрі тартымды дүниелерін топтастырып оқырманға ұсынғанды жөн көргенін жазған. Бұл туралы Егемен қазақстан да жазды. 18 қыркүйек 2013 жыл. Халық сөзі кітап болып жарық көрді. Аталмыш шараны бас редакторлар клуб қоғамдық бірлестігі мен Ұлттық академиялық кітапхана ұжымы мұрындық болды. Автор - Әбдірахман Қыдырбек.

Жарылқап Бейсенбайұлы «Халық сөзінен» «Лениншіл жастың» бүгінгі «Жас Алаштың» жалындап тұрған кезін көрем деп баға берген. Алматыдан өткен қайырымдылық концерті үшін Алтын жүрек ұлттық-қоғамдық сыйлығының алғыс хатымен, қайырымдылық істері және қоғамдық маңызы үшін зор қызметі үшін марапатталған.

2013 жылы 12 тамызда Индира Байқонысоваға берген «Ақпараттық кеңістікте мемлекет құраушы ұлттың сөзі басым болуы тиіс» атты сұхбаты бақ.кз ақпараттық порталында жарияланған. Ол жерде журналистердің қаржылық тәуелсіздігі туралы әңгіме қозғалған. Себебі бюджетсіз ештеңе өнбейді. Тегін ресурс болса да, кәсіби мамандардың тегін жұмыс істеуі нарық заманында мүмкін емес. Яғни, тәуелсіздік бюджеттен басталады. Журналистердің командалық жұмысы да маңызды. Бюджетті жарнама мен азаматтардың қаржыландырылуы қамти алады. Осы ретте бас редактор: әрине, көп нәрсеге қаржыға келіп тірелетінін рас. Қысқа жіп күрмеуге келмей қалады кейде. Ал сапалы, оқылымды газет шығару үшін шығармашылық адамының еңбегін әділ бағалау керек, үнемі ынталандырып отыру қажет. Жақсы жазатын журналистке жақсы қаржы бөленуі керек, қысқасы. Дейді. Дегенмен, газеттің қазіргі жұмысы тұралап тұр деген алып қашпа сөздердің жүргендігі туралы сөзіне ол пікірбен келісе қоюдың қин екенін айтады. Марат Мадалимов «Қазақ мафиясының ақиқаты мен аңызы» атты сериялы сұхбаттары үшін Алматыда пышақтап,

соққының астына алып кеткен белгісіз біреулер. Жай бір бұзақылар дейін десең, газеттің үстіне біз қадап кетіпті[4].

«Халық сөзі» тәуелсіз басылымының құрылтайшысы 24 ақпан 2014 жылы өзгерді. Бұл туралы Newtimes.kz ақпарат агенттігіне берген сұхбатында газеттің бас редакторы Бейбіт Тоқтарбай «2013 жылы таралымы біршама азайған еді. Бұрынғы құрылтайшы газетті сату туралы шешім қабылдап Құжаттарды жаңа құрылтайшыға ауытыру барысында газет шықпаған. Бірақ енді оған еш себеп жоқ» деді. Газеттің жаңа құрылтайшысы «әлеуметтік-экономикалық зерттеулердің республикалық орталығы» ЖШС. Жаңа құрылтайшының енгізетін жаңалығы – мемлекеттік органдардың басшыларнан, қоғамдық ұйымдар, саяси партия басшыларынан алынған сұхбаттар газет бетінде жарық көріп тұрады.

«Халық сөзі» газетін құрылтайшыларына байланысты екі түрлі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Себебі құрылтайшы газеттің құрылымына тікелей әйер ете алатын адам. Жанрлық тұрғыда алып қарастыратын бослақ, алғашқы үш жылда «Халық сөзі» газетіндегі ең жиі кездесетін жанр – сараптамалық мақалалар мен сұхбаттар болды. Соларға талдау жасап көрсек. А.А.Тертычный мақаланың тұрақты пішіндеріне тоқтала отырып, былай жіктеген:

1. Жалпы зерттеу мақаласы.
2. Тәжірибелік-сараптамалық мақала.
3. Полемикалық мақала.

Қазіргі газеттің басқа жанрлары сияқты мақала да үздіксіз дамып, жетіліп отырады. Газет публицистикасындағы мақалаға уақыт көп өзгеріс әкеліп, жаңа түр берген. Мақала сол түрленушіліктен кенде емес.

Ал Мендігүл Шыңдалиева «Публицистика жанрлары мен пішіндері» атты кітабында «Газет публицистикасында мақалалардың мынадай түрлерін байқауға болады:

1. Ақпараттық мақала.
2. Проблемалық-сараптамалық мақала.
3. Теориялық мақала.
4. Публицистикалық мақала

Мақала сараптамалық жанрдың ең күрделі түрі. Қазіргі таңда ол сапалы мерзімді басылымдардың бетінен түспейтін құндылыққа айналған жанр. Нөмірдің «шегесі» де мақала болып есептеледі. Қорыта айтқанда, мақалада қоғамның маңызды, қиын мәселелерін зерттеп, қарастырып, оның шешімін табу жолына бағыттау жағы басым түсіп жатады[6]»

Осы ғылыми ұжырымдарға сүйене отырып «Халық сөзі» газетіндегі сараптамалық проблемалық мақалалардың тілі мен стиліне тоқтала кетуге болады. Мысалы, «Қоғамда қандай наразылықтар бар?» атты мақалада Қазақстанды көршілес ТМД елдерімен салыстырады. Автор тыныш елміз дей келе, 2011 жылғы Жаңаөзендегі наразылықтың шыққанын айтады. Проблемалық мақала ретінде сол наразылықтың шығу себептеріне де болжам жасайды. Біріншіден, дін. Екіншіден, тіл. Үшіншіден, кедендік одақ. Төртіншіден, жер-су атын өзгерту туралы наразылықтар. Соңындағы «айналып келіп бір шұңқырға түстік» деген бір ауыз сөзі ғана түйінін білдіріп тұр. Мақалаға әсер беретін экспрессивті сөздер де ұтымды қолданылып, мақаланың маңызы мен мазмұнын ашып тұрғындай. Мысалы, «кедендік одақтың кеңірдек созғаны», «дәурені өтіп бара жатқан «соңғы бекініс».

«Халық сөзі» басылымы – сараптама мақалаларға бай басылым. Ол туралы бір жеке мақала арнап, талдап, анализ жасауды өзі артық емес. Ал Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі тәуелсіз басылымдарының ішіндегі шоқтығы биігі, халық іздеп тұрып оқыған газет ретінде қазақ басылымдары тарихында «Халық сөзінің» орны зор екені рас.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Bowman S. Willis C. We Media How audiences are Shaping the future of news and Information 2003 Доклад по заказу Медиа-центра Американского института прессы
2. Нургожина III. Введение в журналистику. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
3. Бақ.кз

4. Халық сөзі (сараптамалық мақалалар, сұхбаттар). – Алматы: Нұрлы әлем баспасы, 2013
5. Шындалиева М. Публицистика жанрлары мен пішіндері. –Астана: 2012.

УДК 001/009:070

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЖУРНАЛИСТА ПЕЧАТНЫХ СМИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОСТИ

Боровикова Екатерина Андреевна

katik_bor@mail.ru

Магистрант первого курса Факультета журналистики и политологии

ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – М.Т. Мукашева

Печатные средства массовой информации, являясь мощным орудием идеологического воздействия на массы, как в прошлом столетии, так и сегодня играют важную роль источника объективной общественно-политической информации. Сегодня отчетливо наблюдаются кардинальные изменения условий функционирования и содержания печатных СМИ. Процесс трансформации СМИ представляет собой новую, важную проблему. Особенности работы в СМИ, в том числе и в печатных, сегодня сочетаются с информационным типом общества. Информационное общество – общество знания и информации. Изменение общества предполагает и изменение методов обмена информацией. Решающую роль в информационном обществе играет доступность и оперативность информации. И интернет играет в этом важнейшую роль – с помощью оптоволоконных сетей или соединения со спутником можно передавать информацию не только с большой скоростью, но и большому количеству людей. Поэтому многие СМИ сейчас возникают именно в пространстве интернета или имеют там свои странички и версии. В Интернете сегодня возможно создать онлайн версию газеты или журнала, радио и телеканала. Таким образом, в Сети формируется дополнительное пространство для привлечения аудитории и рекламодателей для медиапродукта, существующего также как традиционное СМИ. С другой стороны, сравнительная финансовая доступность Интернет СМИ служит фактором усиления конкуренции на медиарынке: облегченный выход на рынок, низкий уровень затрат на запуск продукта приводят к тому, что в Сети появляются печатные и аудиовизуальные СМИ, которые функционируют только онлайн, не имея предшествующих оффлайновых версий. Условия, в которых пользователь обращается к Интернет-СМИ, также способствуют росту конкуренции: кликать по ссылке, чтобы прочесть не одно издание, а несколько, гораздо легче, чем покупать несколько изданий, кроме того, наличие сайтов информационных агентств, новостных каталогов на крупных поисковиках, rss поиска, блогосферы и социальных сетей нивелируют значимость информационной функции традиционных медиа [1].

Сегодня печатные издания в разных странах теряют читателей и рекламодателей. И, тем не менее, рынок печатных СМИ Казахстана развивается активно. Убедиться в этом можно, заглянув в любой газетный киоск, проследить за появлением новых печатных изданий. Поэтому вряд ли стоит говорить о катастрофе печатных СМИ не только в нашей стране, но и во всем мире. Однако от печатной прессы ждут кардинальных изменений в ближайшее время и в некоторых изданиях он уже начался. Но еще многим участников казахстанского рынка прессы потребуются значительные усилия по качественной и технологической перестройке бизнеса. Уже сейчас появляются дополнительные возможности роста для тех издателей, которые нацелены на развитие. Использование мультимедийных возможностей – одна из таких. У Интернет-СМИ есть свои преимущества -